

2015 жылғы 27 сәуірдегі № 326 "Ұлан ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 284 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 476 "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 13-бабының 23-8) тармақшасына, 2015 жылғы 26 наурыздағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" № 349 бұйрығының және Ұлан ауданы прокуратурасының 2016 жылғы 5 наурыздағы № 2-1517-16-00400 наразылығы негізінде Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 326 "Ұлан ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлан ауданы әкімінің орынбасары Р. Мамырбаеваға жүктелсін.

Ұлан ауданының әкімі

Д. Батырбаев